



bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Мәдіхат Төрежанов «Кішкентай бағбан»

Мәдіхат Төрежанов «Кішкентай бағбан»

Садықтың әкесі бағбаншы. Ол әкесіне үнемі көмектеседі. Күн жылынып, қар еріп, жер кебісімен олар құмырсқалар сияқты бақта еңбектенеді.

Бір күні олардың қасына Халел жүгіріп келіп:

- Садық, жүр ойнайық, - деді.

- Менің жұмысым көп,- деп жауап берді Садық.

- Осыны да жұмыс деп ойлайсың ба? Әкең бәрін жасай салады. Ойнаған өте көңілді емес пе? Халел ойыншықтарының бірінен соң бірін шығара бастады.

Садық қатты ойнағысы келсе де, өзін жігерлендіріп, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді. Күз келді. Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді. Садық жеміс-жидектерді өзі де жеп, досына да ауыз тигізді. Халел жемісжидектерді тойып жеп алып: - Қазір мен барлығын да жеп тауысамын, ештеңе қалмайды,- деді. - Қалады.

Әкем: «Жер-ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды деген», - деді Садық.